

Киевка кентіндегі Щербина көшесін Бүркіт Ысқақовтың көшесі деп қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданының Киевка кентінің әкімінің 2017 жылғы 18 шілдедегі № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 тамызда № 4339 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес, Киевка кентінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Киевка кентіндегі Щербина көшесі Бүркіт Ысқақовтың көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімі

Б. Құдайбергенов